

«TAIBURYL»
Қоғамдық бірлестігі
010000, Астана қаласы, Сығанақ к-сі 29
БЦ «Евроцентр» оф.147, тел. + 7 7172 516964
e-mail: taiburyl.kz@gmail.com
www.taiburyl.kz



«TAIBURYL»
Общественное объединение
010000, город Астана, ул.Сыганак 29
БЦ «Евроцентр» оф.147, тел. + 7 7172 516964
e-mail: taiburyl.kz@gmail.com
www.taiburyl.kz

Бекіттемін
«TAIBURYL» Қоғамдық
Бірлестігінің
Басқармат Төрағасы
«2» маусым 2014 г.

«Дарындыларды қолдау туралы» ЕРЕЖЕСІ

«Дарындыларды қолдау» Бағдарламасы

Астана қ.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Дарындыларды қолдау туралы» Ережесі «Taiburyl» Қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай – Бірлестік) «Дарындыларды іздеу» және «Бағдарлама №2» жобаларды реттеуші ретінде берілетін бағдарламаның негіздемесі.
- 1.2. «Дарындыларды іздеу» жобасы республикалық, халықаралық сайыстарда спорт, мәдениет және ғылым саласында бірінші, екінші, үшінші орын алғандарға қолдау көрсету үшін арналған.
- 1.3. «Бағдарлама №2» жобасы, республикалық немесе халықаралық сайыстарда жүлдеді орындарды ала алмаған (бірінші, екінші, үшінші), бірақ жеңіске жақын болған, яғни сайыста төртінші, бесінші немесе алтыншы орынға ие болған үміткерлерге арналған.
- 1.4. Бағдарламаның мақсаты:
 - ғылыми, шығармашылық, спорт жетістіктерін насихаттау;
 - жеке тұлғаның әлеуметтік, ғылыми, шығармашылық шамасын арттыру.
- 1.5. Грант дегеніміз бекітілген уақыт мерзімінде немесе бір рет төленетін ақша құны. Гранттың мақсаты спортқа, шығармашылыққа, ғылымға, дарынды, әрі болашағы бар азаматтарды ынталандыру үшін көзделген.
- 1.6. Бірлестік, грант мөлшерін тағайындау кезінде үміткердің жеке жағдайына байланысты қаралады. Грант мөлшері Бірлестіктің бюджеті бойынша тағайындылады.
- 1.7. Конкурса іріктеу Бірлестіктің жоспары бойынша басталады. Іріктеудің басталуы www.taiburyl.kz жеке сайтымызда және Facebook <https://www.facebook.com/taiburyl> жеке парақшасында жарияланады.

2. Грант алу үшін үміткерлерге талап

- 2.1. Үміткерлер грант алу үшін келесі талаптарға сай болу керек:
 - Қазақстан Республикасының азаматы болу тиіс;
 - 6 мен 29 жас арасында болу керек;
 - соттылығы және әкімшілік жазасы болмауы тиіс;
 - республикалық немесе халықаралық сайыстар, конкурстар мен олимпиадалардан сертификаттар мен грамоталар болу қажет (конференциялар саналмайды);
 - материалдық көмекке мұқтаж болу керек;
 - қосымша талаптар бағдарламаның демеушісінен қойылу мүмкін.
- 2.2. Бірлестіктің әріптестерімен және қызметкерлерімен еш байланысы болмау керек:
 - А. Үміткер Басқарма Төрағасының жақын туысы болмау тиіс;
 - Б. Бірлестіктің әріптестің туысы болсаңыз, грант алуға үмітіңіз төмендейді, егерде туыстық байланысыңыз жайлы айтпаған болсаңыз, грант берілу тоқтатылады және алған қаржыны қайтаруға талап қойылады. «Туыстар» деген ұғымға жататын адамдар: әйелі/күйеуі, ата-анасы, баласы, ағасы, әпкесі, ағайы, тәтесі, жиені, немере ағасы, және ата-анасы жағынан туыстар: анасы, әкесі, әпкесі, ағасы, ұлы не қызы.
- 2.3. «Дарындыларды қолдау» бағдарлама бойынша үміткерлер тек республикалық немесе халықаралық сайыстарда (олимпиадалар мен конкурстарда) жүлделі орындарды (1,2,3 орын) алу қажет. Грант тек өз қызметін әрі қарай жалғастыруды көздейтін үміткерлерге беріледі.
- 2.4. «Бағдарлама №2» бағдарлама бойынша қатысатын үміткерлер тек республикалық және халықаралық сайыстарда төртінші, бесінші, алтыншы орындарға ие болған қатыса алады. Грант тек өз қызметін әрі қарай жалғастыруды көздейтін үміткерлерге беріледі.

3. Байқауға қатысу өтінімдерін рәсімдеуі

- 3.1. Байқауға қатысу үшін, Бірлестік арнайы Өтінім нысанын береді (Бірлестіктің сайтында, «Өтінімді беру» бөлімшесін қараңыз), бұл өтініште үміткер келесі ақпаратты толтыру қажет:
 - өмірбаяны;

- өтініш-негіздеме;
- өзі жайлы ақпарат;
- отбасы жайлы ақпарат;
- үміткердің кәсіби ынтасы;
- ғылыми дайындық деңгейі және үміткердің қатысу ынтасы;
- олимпиада, ғылым, спорт, мәдениет саласындағы республикандық және халықаралық байқау, турнирлер жүлдегерінің сыйлықтарының иегері болуы.

3.2. Бірлестік көпшілік көретін өз есептемесінде үміткердің келесі мағлұматтарын жариялайды:

- Т.А.Ж.;
- туған күні, айы, жылы;
- жеке мәлімет;
- олимпиада, ғылым, спорт, мәдениет саласындағы республикандық және халықаралық байқау, турнирлер жүлдегерінің сыйлықтарының иегері болуы туралы ақпарат.

3.3. Бірлестік үміткердің мағлұматтарын анализ ретінде пайдаланатын болады, осылай үміткерлер ішінен ортаңғы көрсеткішті анықтау үшін, келесіде оның нәтижесінде шыққан анализін жариялайды, үміткердің айқын аты-жөнін көрсетеді. Өтінім білдіру дегеніміз, өз мағлұматтарын пайдалануға келісім беру.

3.4. Байқауға керек құжаттарды жинаған кезде, пайда болған шығындарды Бірлестік қайтармайды.

3.5. Егер құжаттың түпнұсқасы болмаса, толтырылған Өтінім және оған тіркелген қосымша құжаттар қайтарылмайды.

3.6. Өтінім келесі шартта ғана қабылданады:

- қағиданың талаптарына сәйкес болса;
- үміткерге қатысты барлық тармақша сұрақтарының толтыруы;
- керекті құжаттарын нотариуспен бекітіп, заңдастырылған көшірмелері болуы, уақыт шектеулі болғандықтан, екінші рет тапсырылған құжаттар қабылданбайды.

4. Байқаудың өткізу түрі және тәртібі

4.1. Байқау өткізу уақыты Басқармат Төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлер айтылған уақытқа дейін, өтінімді Бірлестіктің www.taiburyl.kz сайтында «Өтінімді тапсыру» бөлімшесі арқылы электронды модуль арқылы жібереді.

4.2. Хабарландырудан кейін Байқау екі деңгейде өткізілетін болады:

- өтінімдер белгіленген уақытқа дейін қабылданып, оның негіздері расталады;
- мақұлдаған өтінімдер қарастыруға беріледі.

4.3. Қабылдау кезеңінде өтінімдер жиналып, сәйкес келмейтін өтінімдер келесі себептерден қабылданбайды:

- мағлұматтардың дұрыс толтырмауы;
- өтінімге қажет құжаттарының толық болмауы;
- жалған мағлұматтарды көрсетілуі.

4.4. Бірлестіктің атқарушы директоры жабық өтінімдердің дұрыс толтырғаның, мағлұматтарының дұрыс екенің растайды. Расталғаннан кейін Өтінім «Расталған» деп саналады. Дұрыс толтырмаған, теріс мағлұматтары бар Өтінімдер үйлестірушімен расталмайды, олар «Жабық» деп саналады.

4.5. Екінші кезеңде шәкіртақы бөлетін Комиссиясымен (әрі қарай-Комиссия) Қағиданың 2 тармағында көрсетілген келісім шартқа сәйкес расталған құжаттарының қарастырылуы басталады.

4.6. Комиссия анықталған белгі бойынша қосымша талаптарды бес балды жүйемен сынайды. Сараптаманың Негізгі белгілері:

- үміткердің жігерлілік деңгейі;

- үміткердің кәсіби деңгейі;
 - үміткердің өмірлік айқындамасын, әлеуметтік жауапкершілігін, тіл тапқыштығын көрсететін, белсенді қоғамы жұмысына қатысуы және өзінің жобаларының жүзеге асыруы, мамандығына сай тәжірбиелік саласында кәсіби білімімен әдетін қолдана білуі.
- 4.7. Керек жағдайда, Комиссия мүшелері Өтінімдерді жазбаша пікірге сала алады. Комиссия мүшелерінің қойған бағаларымен пікірлері құпия ақпаратқа жатады, бұл ақпарат басылымға жіберілмейді, бірақ тек қана Бірлестіктің тиісті әріптестеріне Байқауды өткізу үшін, екінші деңгейде туған таласты сұрақтарды шешуге беріледі.
- 4.8. Комиссия мүшелерінің аттары жабық ақпаратқа жатады және бұл ақпарат көпке жайылмайды, бірақ Комиссия және Басқармат Төраға келісімімен, ақпарат ашық болуы мүмкін.
- 4.9. Байқау Комиссияның шешімі пікірталасқа жатпайды және ақырғы деп саналады.
- 4.10. Байқауға берілген Өтінім негіздері Бірлестікпен не Комиссиямен өзгеріске ұшырамайды, көпке жайылмайды, сынауға берілмейді.
- 4.11. Байқау мақсатына жету үшін Бірлестік, шәкіртақы үміткерлерінің үшінші жақтан қосымша ақпарат және құжаттарды талап етуі мүмкін.

5. Грант құны және төлеу тәртібі, алу шарттары

- 5.1. Байқаудың жеңімпаздарына грант төлеу барысы Бірлестікпен ұйымдастырылады..
- 5.2. Шәкіртақы құны бекітіледі:
- Демеуші келісімі бойынша Бірлестікпен;
 - әр жеңімпазға жеке төленеді (гранттың құны, берілу мерзімі, мөлшері әр түрлі болуы мүмкін);
- 5.3. Грант тек ақшасыз операция түрінде, үміткердің немесе оның өкіліне, қамқоршысына, банк карточкасына (арнайы есеп-шотына) сайыстың ұйымдастырушысына берілу мүмкін. Бірлестіктің атқарушы директоры грант төлеу әрекетін қадағалайды және барлық даулы сұрақтарды шешеді.
- 5.4. Грантқа байланысты пайда болатын салықтарды Бірлестік өз қаржысынан төлейді.
- 5.5. Егер де, жеңімпаз грант алу үшін жалғаң ақпарат берсе, гранттың соммасын толығымен Бірлестікке қайтарылады.
- 5.6. Гранттың сомасы қайда жұмсалғаның қадағалау үшін, Бірлестік пен үміткердің арасында қосымша түрінде Келісім шарт жасалуы мүмкін.

6. Гранттың төлеуінің тоқтатылуы

- 6.1 Грант төлеуі бұл кезде тоқталады:
- егер де үміткердің шығармашылық, ғылыми және спорттық нәтижелері Ережеге сай келмесе немесе деңгейі түссе;
 - Бірлестік пен үміткердің арасындағы жасалған Келісім шарттың талаптарын үміткер орындамаса.

Жауапкершілік Өтініші

Мен _____

(Т.А.Ж. жазбаша жазылады)

«Taiburyl» ҚБ «Дарындыларды қолдау» грантын алуға үміткермін, бұл Өтінімде берілген ақпараттың бәрі дұрыс, әрі толық деп растаймын. Толық емес әрі жалған ақпараттың берілуі байқауға қатысуға жіберілмейтіні жайлы маған белгілі, сондай-ақ егерде грант маған берілсе, жалған ақпарат үшін гранттан айырылуым жайлы да белгілі. Мен «Дарындыларды қолдау туралы» Ережесінің талаптарымен толық таныстым.

Мен тестілеудің және сұхбаттасудың нәтижесін сарапшыларға, әріптестерге және тағы басқа қызығушылығы бар ұйымдарға берілуіне, сондай-ақ ресми сайтта байқау іріктеуінің нәтижесін басылуына қарсы емеспін.

Мен байқаудың барлық деңгейіне жеке өзім қатысатыныма жауап беремін және барлық байқау деңгейлерін өзім немесе ата-анам/жанашыр, не басқа делдалдың қатысуымен өтетіні міндет етемін. Байқау барысында, байқау деңгейлерін өткізетін және соған жауап беретін Бірлестік қызметкерлерімен әдепті болуына міндет етемін.

Өтінімдің I-III тарауларында көрсетілген жеке ақпараттың өзгеруіне байланысты, күнтізбенің 3 (үш) күн ішінде өзгеріс болған сәттен бастап жаңа ақпаратты жазба түрінде не болмаса www.taiburyl.kz сайтында көрсетілген Бірлестік электронды поштасына өз Өтінімде көрсеткен электронды поштамнан хат түрінде хабарлауға жауап беремін.

Өтінімдің III тарауында көрсеткен электронды поштамды әрдайым тексеріп тұруға міндет етемін, сондай-ақ талап ететін ақпаратқа уақытымен жауап беруге міндетті боламын.

Төменірек курсивпен белгіленген мәтінді өз қолыңызбен жазуыңызды сұраймыз:

Бұл ақпаратты өзім толтырдым, әр бет өзіммен тексеріліп, бекітілді. Жоғарырақ көрсетілген талаптармен таныстым және толық келісемін (өз қолыммен растаймын).

Үміткердің қолы _____ Күні, айы, жылы _____

| I. Тапсыруға берілетін, қажетті құжаттар тізімі | |
|---|---------------------------|
| Нотариалдық бекітілген Жеке куәлігінің немесе туу туралы куәлігінің көшірмесі | |
| ЖОО-нан транскрипт немесе мектеп аттестаты (бағалар табелі) | |
| Үміткердің атына жазылған пәтер мүлігінің бары/жоғы жайлы Мәлімдеме | |
| Ата-анасының жұмыс орнынан жалақысы туралы анықтама | |
| Ата-анасының соңғы 6 айда болған зейнетақы аударымы туралы анықтама | ЕНПФ немесе ЦОН |
| Соңғы 6 ай ішіндегі үміткердің атына не болмаса жұбайының атына жазылған Автокөлігінің бары/ж: | СПЕЦЦОН РК |
| Сотталуы жоқ жайлы Мәлімдеме (14 жасынан бастап) | ЦОН |
| Үміткердің жұмыс орнынан жалақысы жайлы Мәлімдеме | Егер бар болса |
| Неке қию құжатының көшірмесі (бар болса) | |
| Балаларының туу куәліктерінің көшірмесі | |
| Республикалық/халықаралық турнирлерде ғылым, шығармашылық және спорт саласында ұтысты дәлелдей алатын құжаттар | Түсті сканерленген |